

Мұрағат №9

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 160

Жеке тектік қоры

« 14 » 04 2005 ж

Федянин Борис Николаевич 1927 жылы 2 ақпанда Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы Жымпиты ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1944 жылы қаңтар айында бастаған. Орта мектепті оқи жүріп, әрі жұмыс жасап, 1945 жылы 1 маусымда мектепті үздік аяқтады.

1945 жылы маусымда Совет Армиясына алынып, орнынан кейін 1946 жылдың қаңтар айынан Жымпиты орта мектебінің орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болды. 1948 жылы Орал педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, 1953 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

1953 жылы жеті жылдық Жымпиты орыс мектебінің директоры болып тағайындалды. 1958 жылы жеті жылдық Жымпиты орыс мектебі мен Жымпиты орта мектебінің қосылуына байланысты тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі болды.

1962 жылдың қыркүйек айынан 1979 жылдың қараша айына дейін осы мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жасады. 1970 жылдың қыркүйек айынан өмірінің соңғы күніне дейін (2 шілде 1993 ж қайтыс болды) Жымпиты орта мектебінде 8-11 сыныптарға тарих және қоғамтану пәнінен дәріс берді.

Осы мектепте 49 жыл бойы шәкірттеріне үздіксіз тәлім тәрбие берген ұлағатты ұстаз. 1950 жылдан 1990 жылға дейін аудандық партия комитетінің штаттан тыс лектор-насихатшысы. 1979 жылдан бастап 1988 жылға дейін Жымпиты бастауыш партия ұйымының хатшысы. 1980 жылдың қаңтар айынан 1990 ж мамырына дейін аудандағы қоғамдық негізде құрылған өлкетану мұражайының негізін салушы, әрі алғашқы директоры болды.

Жұмыс жасаған уақытында 2 рет «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 1965 ж «Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

1987 жылы 30 қазанда СОКП ОК, СССР Министрлер Советінің құрмет грамотасымен, бірнеше рет республикалық, облыстық, аудандық қоғамдық ұйымдардың құрмет грамоталарымен марапатталды.

Оның есімі облыстық құрмет кітабы мен тақтасына (1957,1978 жж) аудандық (1978 ж), білім бөлімінде (1977) жазылды. Бірнеше рет аудандық Кеңестің депутаты болып сайланды.

Борис Николаевич көптеген облыстық және аудандық ғылыми-практикалық конференция семинарларға қатысты. Ұстаздың Республика көлемінде танымал шәкірттері бар, соның ішінде Қ.Мырзалиев – ақын, Г.Ақмамбетов – тарих ғылымының докторы, Чапай Мусин, Хасанов, Айтжанов т.б.

Тізімдемеге 6 (алты) сақтау бірлігі, 56 есеп бірлігі, соның ішінде 15 (он бес) фотосурет енгізілді.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының директоры:

*Е.Рамазанов*

Е.Рамазанов